



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

способов улучшения. При этом возникают разные требования к раскрытию информации о капитальных инвестициях в финансовой и статистической отчетности, что приводит к несоответствию показателей и не дает возможности реально оценить состояние, динамику и эффективность использования капитальных инвестиций на предприятии.

В-четвертых, традиционные методы анализа капитальных инвестиций, ограничивающиеся показателями их динамики и структуры по видам, незначительным количеством критериев оценки их эффективности, не удовлетворяют информационные потребности системы управления и требуют разработки комплексной методики их анализа с использованием современных приемов корреляционно-регрессионного, трендового, проектного анализа и экономическо-математического моделирования. Он должен быть представлен как целостный самостоятельный блок, требующий решения комплекса сложных задач, взаимосвязанных с другими блоками экономического анализа, в том числе анализом инвестиционной привлекательности предприятия, проектным анализом, анализом инвестиционной деятельности, прогнозированием сроков окупаемости и эффективности использования капитальных инвестиций, оценкой финансовых результатов деятельности.

Список использованных источников:

1. Налоговый кодекс Украины от 02.12.2010 г. № 2755-УІ (с изменениями и дополнениями).
2. План счетов бухгалтерского учета активов, капитала, обязательств и хозяйственных операций предприятий и организаций и Инструкция по его применению от 30.11.1999 г. № 291 (с изменениями и дополнениями).
3. Положение (стандарт) бухгалтерского учета 7 «Основные средства» от 27.04.2000 г. № 92 (с изменениями и дополнениями).
4. Методические рекомендации по бухгалтерскому учету основных средств от 30.09.2003 г. № 561 (с изменениями и дополнениями).

УДК 336.7

САНДЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ САЛЫҚ АУДИТІНІҢ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Садыкова Перизат

Sadykova.p.a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» мамандығының

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Б. Акимова

Қазіргі таңда Қазақстанда қосалқы қызметтер ретінде аудиторлық ұйымдардың өз бетінше жүргізетін салық аудиті мен Мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан жүргізілетін салықтар бойынша аудит түрлері қалыптасқан. Салықтар бойынша аудит қорытындысы заңды түрде таратуды немесе шаруашылық қызметті тоқтатуға негіз болатын маңызды құжат. Қазақстан Республикасының 2018 жылдан бастап күшіне енген жаңа Салық кодексінің 60-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірістерінің жалпы сомасы айлық есептік көрсеткіштің 150 000 еселенген мөлшерінен (2018 жылға 360 750 000 тг) аспайтын және салықтар бойынша аудит қорытындысының нәтижелері бойынша таратылатын резидент-занды тұлғалардың және дара кәсіпкерлер қызметі тоқтатылуға ұсынылады [1]. Сондықтан нарықта салық аудитіне деген қажеттілік артып, сонымен бірге салықтық өсімпұлдар мен айыппұлдан сақтану мақсатында сұраныс көбейген.

Салық тексерулеріне балама ретінде мемлекет реттейтін салықтар бойынша аудит ҚР Мемлекеттік кірістерді басқармасымен жүзеге асырылады. Салықтар бойынша аудит жүргізудің басты рететуші нормативтік-құжаттық негізі – ҚР Салық және бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) кодексі, Салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы және өзге де нормативтік құжаттар болып саналады.

Жалпы салықтар бойынша аудит жүргізудің негізі болатын нормативтік-құқықтық құжаттарды деңгейлерге топтастыруға болады (Кесте 1).

Кесте 1 – Салық аудит бойынша нормативтік-құқықтық құжаттардың топтастырылуы

№	Атауы	Нормативтік құжаттар
1	1-деңгей (Кодекстер, заңдар, жарлықтар, қаулылар, қаулылар)	ҚР Конституциясы ҚР Салық кодексі ҚР Аудиторлық қызмет туралы заң ҚР Кәсіпкерлік туралы заңы және өзге де
2	2-деңгей (халықаралық және ұлттық стандарттар)	Аудиттің халықаралық стандарттары Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары және т.б.
3	3-деңгей (Әдістемелік нұсқаулар, нұсқаулықтар және т.б.)	ҚР Қаржы министрлігі, атқарушы билік органдары, халықаралық кеңес беруші комитеттер ұсынған әдістемелік нұсқаулықтар.
4	4-деңгей (ұйымның есеп саясаты және басқа да ережелік құжаттар)	Есеп саясаты аясындағы ұйымдастыру – басқару құжаттары: бұйрықтар, үкімдер және т.б.

Ескерту: Автормен құрастырылған

Салықтар бойынша аудит – уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүргізілетін, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің барлық түрлері бойынша есептеу мен төлеудің дұрыстығы, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығы, әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығы мәселесі бойынша аудит [2]. Аталған аудит, аудиторлық ұйым мен аудиттелетін субъектінің арасында жасалған салықтар бойынша аудит жүргізу туралы шарттың негізінде, аудиттелетін субъектінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады, ол ҚР заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Салық кодексінің 46-бабында белгіленген талап қою мерзімі шегінде салық аудиті аудиттелетін субъектіге қатысты кешенді салық тексеру жүргізілмеген кезең үшін жүзеге асырылады [1].

Салықтар бойынша аудит жүргізу шартында: шарттың мәні, мерзімі, ақы төлеу мөлшері мен талаптары, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, алынған ақпараттың құпиялылығы, сондай-ақ кәсіби ұйымға мүшелігі көзделеді. Сонымен қатар, Мемлекеттік кіріс органдарына ұсынылатын мәліметтерді қоспағанда, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шартты орындау кезінде аудиторлық ұйым алған мәліметтер коммерциялық құпияны құрайды. Аудиторлық ұйымның салықтар бойынша аудит жүргізуге құқығын шектеу Заңның 24-бабында айқындалған. Заңнамаға сәйкес салықтар бойынша аудиторлық қорытындыға біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, орындаушы аудитор қол қояды, өзінің жеке мөрімен куәландырады, аудиторлық ұйым басшысының қолтаңбасымен бекітіледі және аудиторлық ұйымның мөрімен куәландырылады [2].

Аудиторлық ұйымдардың қосалқы қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын салық аудитінің жоспарын аудит жүргізуші ұйым құрастырады. Ал, Мемлекеттік кірістер дасқармасымен жүзеге асырылатын салық аудитінің жоспары ҚР Қаржы министрлігі бекіткен әдістемеге сәйкес жасалады. Сандық экономиканың қарқынды дамуына байланысты аудитті жүргізуде уақыт пен еңбек шығындарын үнемдеу мақсатында электронды бағдарламалар – э-аудит арқылы тексеру жүргізіледі. Салықтар бойынша аудит жүргізуде

компьютерлік бағдарламалардың маңыздылығы – жемқорлықпен күресудің, қате немесе көрінеу қате аудиторлық қортындының берілуін, сондай-ақ уақыт шығындарын үнемдеуінде.

2019 жылға дейін Қазақстанда барлық Мемлекеттік кірістер басқармасы «Электрондық аудит» (I-DEA) бағдарламалық өніміне көшу көзделген [3]. Алайда бұл бағдарламаны тек мемлекеттік мекемелер ғана емес нарықтағы тәуелсіз аудиторлық компаниялар да қолданысқа енгізу қажет. Себебі бұл бағдарламада барлық деректер базасы құрылымы, ақпараттардың қолжетімділігі мен ашықтығына, жемқорлықтың және өзге де заң бұзушылықтардың алдын алуға қол жеткізуге болады. «Электрондық аудит» (I-DEA) бағдарламалық өнімінің келесідей артықшылықтары бар:

- кең ауқымды файл түрлерінің деректерін импорттайды;
- статистиканы, профилдерді толық өңдейді;
- қарапайым немесе күрделі критерийлерді қолдану арқылы тестілеуден өткізеді;
- аудит журналын/барлық орындалған операциялар журналын жүргізеді және т.с.с [4].

Аталған компьютерлік бағдарламаға қосымша міндеттер енгізу қажет. Ол міндеттер ҚР заңнамаларына, ХАС, ҚЕХС, сонымен қатар ұйымның құрылу формасына, есеп саясатының ерекшелігіне, есепке алу бойынша өзгерістер тарихына байланысты қалыптасады. Аудит жүргізуді шетелдік тәжірибиеге сүйеніп ұлттық стандарттарға, зайнамалардағы талаптарға келтіріп автоматтандыру керек. Сондай-ақ, барлық орта және ірі компаниялардың шаруашылық операциялары жинақталатын ортақ электрондық база құрастырып, қажет болған ақпараттарды ұйымның келісім беруін растайтын рұқсатнамадан соң тиісті ақпараттарды алуды қамтамасыз ету қажет.

2018 жылдан бастап Қазақстанда барлық ірі, ұлттық және кеден одағы мен өзге де елдермен жұмыс жасайтын компаниялар міндетті түрде шот-фактураларды электронды түрде табыстау қажет. Бұл удеріс қосымша құн салығы бойынша аудиторлық әрі салықтық тексерісті, ашықтықты, ортақ деректер базасын құруды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда кез келген компания үшін салықтық міндеттерді есептеуде, төлеуде кедергілер бар. Атап айтқанда, Салық кодексі бойынша жыл сайын орын алатын өзгерістер, кейбір салықтар бойынша даулы мәселелер, жер салығы бойынша түзету коэффициенттерінің республика бойынша ортақ базасының жоқтығы, көлік салығын есептеуде электрондық анықтамалықтың болмауы сынды сандық экономиканың дамытуын қажет ететін тұстар.

Сонымен қатар, ақпаратты сыртқы пайдаланушылар, яғни инвесторлар, акционерлер мен өзге де байланысты тараптар үшін аудит қорытындысы өте маңызды растаушы құжат. Жалпы аудит қорытындысының шынайылығы, сәйкестілігі мен барлық халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігі маңызды. Ал, салықтар бойынша шығындардың қалыптасуы, дұрыстығы әр елдің өз заңнамаларының өзгешелігіне байланысты бөлек тереңірек аудит жүргізуді талап етеді.

Қортындылай келе сандық экономиканың дамуы салық аудитінің де автоматтандырылуын талап етеді. Аудит жүргізуді автоматтандыру республикалық деңгейде мемлекетті және тәуелсіз аудиторлық компаниялардың ортақ бағдарламалық өнімін қолдану қажеттігін туындатады. Компьютерлік бағдарламалар өнімдерінің тиімділігін арттыруда шетелдік тәжірибені қолдану маңызды. Сонымен қатар, электрондық аудитті дамытумен қатар басқа да салаларды электрондық ақпараттандыруға, ортақ деректер базасын жасап, жалпы сандық ортаны құру – бүгінгі сандық экономиканың талабы. Сандық экономиканың дамуы аудиттің дамуына да, ел экономикасының дамуына да әсері мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [ҚР Кодексі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" \(Салық кодексі\) \(2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI\)](#) 1.68 МБ18 Қаңтар, 2018 - 13:37

2. Салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 293 бұйрығы - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011244>
3. Электронный аудит в налоговом администрировании - <http://akm.kgd.gov.kz/ru/news/elektronnyy-audit-v-nalogo-om-administrir-ovani-i-4-13936>
4. Audit ware IDEA 10 Data Analysis - <https://www.auditware.co.uk/idea-10-data-analysis/>

УДК УДК 346.18

ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

Самбеталиева Мадина Галиуллаевна

sambetaliyeva@gmail.com

магистрантка 1 курса специальности "Государственный аудит"

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель –Б.О. Туребекова

Ежегодно государство получает и тратит большое количество денег на государственные программы и мероприятия через различные министерства и ведомства. Эти доходы и расходы могут являться одним из основных факторов стимулирования экономического роста страны. Поэтому правительство нуждается в эффективном механизме финансового контроля, который обеспечивал бы подотчетность и должную добросовестность в соответствии с установленными правилами и положениями и другими инструкциями, касающимися финансового управления. Так, все министерства и департаменты должны поддерживаться точности и достоверности отчетности для аудита и дальнейшего использования. Все операции должны быть правильно исполнены и записаны, и все средства должны быть надлежащим образом израсходованы на законные цели, чтобы финансовая отчетность отражала истинное и справедливое финансовое состояние организации. К тому же, должен быть установлен управленческий контроль, включающий распределение средств в соответствии с целями, соблюдение правил ответственности и обеспечение расходов в соответствии с установленным бюджетом.

В этих целях, в министерствах и других государственных органах создаются службы внутреннего аудита. Внутренний государственный аудит является неотъемлемой частью общей системы управления, и представляет собой независимую оценку деятельности, проводимой внутри организации, с представлением независимых и объективных заключений и консультаций первым руководителям центральных государственных органов и исполнительных органов, финансируемых из областного бюджета, бюджета города республиканского значения, столицы, района, города областного значения и столицы. И поэтому, полноценное внедрение внутреннего государственного аудита становится одним из важных направлений в совершенствовании контроля бюджетных средств [1]. В случаях выявления признаков уголовных или административных правонарушений, службами внутреннего аудита осуществляются меры реагирования. Можно выделить следующие полномочия служб внутреннего аудита:

- оперативное выявление изъятия и недостатков в управлении финансовыми ресурсами и активами государства;
- снижение критических рисков в выполнении стратегических планов;
- оценка «потенциальных» незаконных действий организаций [2].

Существуют определенные факторы, которые влияют на эффективность внутреннего аудита.